

Р. БАЙБУРИЕВ¹✉, Г. АЛИПБАЕВА², Г. АСКАРОВА³, Г. КУБЕСОВА³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(Қазақстан, Алматы), E-mail: Ruslan.Baiburiev@kaznu.edu.kz

²Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, (Қазақстан Шымкент)

³Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (Қазақстан, Ақтөбе)

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы мифологиялық мұраның ішкі туризмді дамытудағы рөлі қарастырылды. Қазіргі таңда туристік өнімдерді әртараптандыру және материалдық емес мәдени мұраны тиімді пайдалану туристік саланың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты мифологиялық туризмнің туристік әлеуетін ғылыми тұрғыдан бағалау өзекті мәселе ретінде айқындалды. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстардың әлеуетін анықтап, оларды ішкі туризмді дамыту құралы ретінде бағалау. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, контент-талдау, салыстырмалы талдау және SWOT-талдау әдістері қолданылды. Контент-талдау нәтижесінде Қазақстандағы мифологиялық мазмұны айқын сегіз туристік нысан анықталып, олардың туристік әлеуеті авторлық бағалау матрицасы негізінде салыстырмалы түрде бағаланды. Зерттеу нәтижелері мифологиялық мұраның ішкі туризмді дамытуға, туристік өнімдерді әртараптандыруға, өңірлік туристік брендтерді қалыптастыруға және ұлттық мәдени мұраны насихаттауға мүмкіндік беретін маңызды ресурс екенін көрсетті. Сонымен қатар инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, арнайы мифологиялық марируттардың аздығы және маркетингтік ілгерілетудің әлсіздігі негізгі проблемалар ретінде анықталды. Зерттеу нәтижелері негізінде мифологиялық туризмді дамытуға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірленді. Ұсынылған тәсілдер Қазақстандағы ішкі туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және мәдени мұраны туристік индустриямен тиімді ықпалдастыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: мифологиялық туризм, ішкі туризм, мәдени мұра, материалдық емес мәдени мұра, туристік ресурстар, мифология, мәдени туризм, Қазақстан.

Кіріспе

Қазіргі таңда туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Туристік қызметтің дамуы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық өсуіне,

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Байбуриев Р., Әліпбаева Г., Асқарова Г., Кубесова Г. Мифологиялық туризмнің ішкі туризмді дамытудағы рөлі // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – Б. 96–114. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.07>

*Cite us correctly: Baiburiev R., Alipbayeva G., Askarova G., Kubesova G. Mifologiyalyk turizmni ishki turizmdi damytudagy roli [The Role of Mythological Tourism in the Development of Domestic Tourism] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 96–114. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2026-2.07>

жұмыспен қамтуды арттыруға, мәдени мұраны сақтауға және жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Соңғы жылдары туристердің мәдени-танымдық тәжірибеге, ұлттық құндылықтарға және белгілі бір өңірдің тарихи ерекшеліктерін танытатын бірегей туристік өнімдерге деген қызығушылығы артып келеді. Осыған байланысты материалдық емес мәдени мұраны туризмді дамытуда тиімді пайдалану мәселесі халықаралық деңгейде ерекше назар аударылып отырған ғылыми бағыттардың бірі болып саналады [1, 2].

Материалдық емес мәдени мұраның маңызды элементтерінің бірі – халықтың мифтері, аңыздары мен эпостары. Олар белгілі бір аумақтың тарихи жадысын, дүниетанымын және ұлттық болмысын бейнелей отырып, туристік дестинациялардың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Осы негізде қалыптасқан мифологиялық туризм мәдени туризмнің ерекше бағыты ретінде қарастырылып, туристерге тарихи және мәдени кеңістікті жаңа қырынан таныстыруға жағдай жасайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мифологиялық мұраны туристік өнім ретінде пайдалану дестинациялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өңірлік брендті қалыптастырудың тиімді құралдарының біріне айналуда [3].

Қазақстан тарихи-мәдени мұраға, ежелгі аңыздар мен мифологиялық сюжеттерге бай мемлекеттердің бірі болып табылады. Ел аумағындағы Ақыртас, Ұлытау, Бектау-Ата, Қоңыр Әулие үңгірі, Шерқала, Бозжыра, Оқжетпес және Жұмбақтас сияқты көптеген табиғи және тарихи нысандар халық арасында кең таралған аңыздармен тығыз байланысты. Алайда бұл ресурстардың басым бөлігі туристік айналымға толық енгізілмеген және олардың мифологиялық туризмді дамытудағы мүмкіндіктері жеткілікті деңгейде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген.

Отандық ғылыми еңбектерде негізінен мәдени туризм, этнотуризм және сакралды туризм мәселелері қарастырылғанымен, мифологиялық туризмнің ішкі туризмді дамытудағы рөліне арналған зерттеулер саны шектеулі. Осыған байланысты Қазақстанның мифологиялық мұрасын туристік ресурс ретінде кешенді бағалау, оның ішкі туризмді дамытудағы әлеуетін айқындау және халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады [4, 5].

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мифологиялық мұраның туристік әлеуетін анықтап, оны ішкі туризмді дамыту құралы ретінде қарастыру.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- мифологиялық туризм ұғымының теориялық негіздерін талдау;
- мифологиялық туризмді дамытудағы халықаралық тәжірибені зерделеу;
- Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстарды анықтау және жүйелеу;
- олардың туристік әлеуетін бағалау;
- Қазақстанда мифологиялық туризмді дамытуға бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі туризм ғылымында мәдени мұра туристік индустрияның негізгі ресурстарының бірі ретінде қарастырылады. Туристердің тарихи ескерткіштерге ғана емес, белгілі бір халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін және рухани құндылықтарын бейнелейтін материалдық емес мәдени мұраға деген қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді. Осыған байланысты мәдени туризмнің мазмұны кеңейіп, оның құрамында этнотуризм, киелі туризм, әдеби туризм және мифологиялық туризм сияқты жаңа бағыттар қалыптасуда. Richards мәдени туризмнің қазіргі даму тенденцияларын талдай отырып, қазіргі туристердің саяхат кезінде тек

мәдени объектілерді көруді емес, белгілі бір дестинацияның мәдени кеңістігін, тарихи жадын және жергілікті қауымдастықтардың өмір салтын сезінуге ұмтылатынын атап көрсетеді. Автор мәдени туризмнің болашағы материалдық емес мәдени мұраны туристік өнімдерге тиімді енгізумен тікелей байланысты екенін көрсетеді [9].

Мәдени туризмнің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде археологиялық және тарихи мұраны пайдалану мәселелері Timothy зерттеуінде жан-жақты қарастырылған. Автор археологиялық ескерткіштердің туристік тартымдылығын арттыру үшін олардың тарихи деректерін ғана емес, сол орындармен байланысты халық арасында сақталған мифтер мен аңыздарды да пайдалану қажеттігін атап өтеді. Бұл тәсіл туристердің танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, тарихи орындардың мәдени құндылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [10].

Материалдық емес мәдени мұраны туризмнің даму факторы ретінде қарастырған Wasela мәдени туризмнің тұрақты дамуы жергілікті қауымдастықтардың мәдени ерекшеліктерін сақтаумен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Автордың пікірінше, халық арасында сақталған мифтер, аңыздар, салт-дәстүрлер мен фольклорлық мұра туристік өнімнің бірегейлігін қалыптастыратын маңызды ресурс болып табылады. Сонымен қатар мұндай мұраны туристік қызметке енгізу жергілікті тұрғындардың мәдени мұраны сақтауға деген жауапкершілігін арттырып, өңір экономикасының дамуына ықпал етеді [14].

Мифологиялық туризм мәдени туризмнің жеке бағыты ретінде соңғы жылдары ғана ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырыла бастады. Бұл бағыттың негізгі ерекшелігі – туристік нысандардың тарихи немесе табиғи ерекшеліктерін халық арасында таралған мифтермен, аңыздармен және фольклорлық сюжеттермен байланыстыра отырып таныстыруында. Мифологиялық туризм туристердің белгілі бір орын туралы тарихи ақпаратты ғана емес, сол жерге қатысты мәдени дүниетанымды да қабылдауына мүмкіндік береді.

Өз зерттеулерінде Özgürel және әріптестері фольклорлық туризмнің құрамындағы мифтердің, аңыздардың және тарихи әңгімелердің туристік дестинациялардың тартымдылығын арттырудағы маңызын дәлелдейді. Авторлар халық арасында сақталған мәдени мұраны туристік өнімдерге енгізу өңірдің бірегей брендін қалыптастыруға және туристердің эмоциялық әсерін күшейтуге ықпал ететінін көрсеткен [8].

Ұқсас нәтижелер Kalkan зерттеуінде де келтірілген. Автор Троя туралы аңыздардың қазіргі Түркия туризміндегі қолданылуын талдай отырып, тарихи мифтердің халықаралық туристерді тартудағы маңызын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша аңыздарға негізделген туристік маршруттар тарихи орындардың танымалдылығын арттырып, мәдени мұраны сақтаудың тиімді тетіктерінің біріне айналған [5].

Fernández-Álvarez және әріптестері Испаниядағы дәстүрлі мерекелерді зерттей отырып, материалдық емес мәдени мұраның туристік тартымдылықты қалыптастырудағы рөлін қарастырған. Авторлар халықтық дәстүрлер, мифологиялық кейіпкерлер және жергілікті рәсімдер туристер үшін ерекше мәдени тәжірибе қалыптастыратынын және өңірдің туристік имиджін нығайтатынын атап көрсетеді. Сонымен бірге зерттеуде мәдени мұраны коммерцияландыру барысында оның түпнұсқалығы мен тарихи құндылығын сақтау қажеттілігіне ерекше назар аударылған [3].

Muchenje және әріптестері Зимбабведегі табиғи мұра нысандарының мысалында жергілікті мифтердің туристік дестинациялардың тартымдылығына әсерін зерттеген. Авторлардың пікірінше, табиғи ландшафттарды мифологиялық әңгімелермен байланыстыру

туристердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, жергілікті қауымдастықтардың мәдени ерекшелігін сақтауға және табиғи мұраны қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай тәсіл экологиялық және мәдени туризмнің өзара ықпалдасуына жағдай жасайды [7].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер мифологиялық туризмнің мәдени туризммен, этнотуризммен және киелі туризммен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Аталған бағыттардың барлығы мәдени мұраға негізделгенімен, олардың зерттеу объектілері әртүрлі. Мәдени туризм тарихи және мәдени нысандарды кең ауқымда қамтыса, этнотуризм белгілі бір этностың өмір салты мен дәстүрлеріне бағытталған. Киелі туризм діни және қасиетті орындарға негізделеді, ал мифологиялық туризмнің басты ерекшелігі – халықтың мифтері, аңыздары мен эпостарын туристік өнімнің негізгі мазмұны ретінде пайдалануында. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер мифологиялық туризмді мәдени туризмнің дербес әрі болашағы зор бағыты ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді [5, 8, 10, 14].

Зерттеу әдістері

Осы зерттеу Қазақстандағы мифологиялық мұраның ішкі туризмді дамытудағы әлеуетін кешенді бағалауға бағытталған сапалық (qualitative) зерттеу ретінде орындалды. Зерттеу дизайны мифологиялық туризмнің теориялық негіздерін жүйелеуді, халықаралық тәжірибені зерделеуді, Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстарды анықтауды және олардың туристік әлеуетін бағалауды қамтыды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін өзара бірін-бірі толықтыратын ғылыми әдебиеттерді талдау, контент-талдау, салыстырмалы талдау және SWOT-талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу бірнеше өзара байланысты кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жүргізілді. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты мифологиялық туризм ұғымының ғылыми мазмұнын айқындау, оның мәдени туризм, этнотуризм және киелі туризммен өзара байланысын анықтау, сондай-ақ қазіргі ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын саралау болды. Осы мақсатта 2022–2026 жылдары жарияланған халықаралық рецензияланатын мақалалар, мәдени мұра мен туризм мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер, сондай-ақ UNESCO мен UN Tourism ұйымдарының материалдары қарастырылды. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде мифологиялық туризмнің қалыптасу ерекшеліктері, оның әлемдік тәжірибеде даму үрдістері және Қазақстан жағдайындағы зерттелу деңгейі анықталды.

Әдебиеттерді талдау барысында тек ғылыми еңбектерді сипаттаумен шектелмей, олардың нәтижелері өзара салыстырылып, ортақ ғылыми тұжырымдар мен зерттеулердегі айырмашылықтар анықталды. Бұл тәсіл қазіргі зерттеулердің негізгі бағыттарын жүйелеуге және Қазақстандағы мифологиялық туризмге қатысты ғылыми олқылықтарды айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің келесі кезеңінде контент-талдау әдісі қолданылды. Контент-талдау Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстар туралы ғылыми жарияланымдарды, тарихи-этнографиялық еңбектерді, мәдени мұра жөніндегі ресми құжаттарды, туристік ұйымдардың материалдарын және тарихи-аңыздық сипаттағы деректерді кешенді талдау арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдіс зерттеу нысандарын іріктеу және олардың туристік әлеуетін бағалау үшін қажетті ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік берді.

Контент-талдау нәтижесінде Қазақстан аумағындағы мифологиялық мазмұны айқын көрінетін сегіз туристік нысан анықталды. Олар: Ақыртас археологиялық кешені, Ұлытау тарихи-мәдени өңірі, Бектау-Ата табиғи кешені, Қоңыр Әулие үңгірі, Шерқала тауы, Бозжыра

шатқалы, Оқжетпес жартасы және Жұмбақтас табиғи ескерткіші. Бұл нысандарды таңдау кезінде төрт негізгі критерий басшылыққа алынды: халық арасында кең таралған мифологиялық немесе аңыздық сюжеттердің болуы; тарихи-мәдени құндылығы; туристік нысан ретінде қалыптасуы немесе қалыптасу мүмкіндігі; ішкі туризмді дамытуға ықпал ету әлеуеті.

Контент-талдау нәтижелерін нақтылау және халықаралық тәжірибемен салыстыру мақсатында салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Салыстыру екі бағыт бойынша жүргізілді. Бірінші бағытта Қазақстандағы мифологиялық туристік нысандар Грекия, Түркия, Ирландия және Жапониядағы мифологиялық дестинациялармен салыстырылды. Бұл салыстыру мифологиялық мұраны туристік өнім ретінде пайдалану тәсілдерін, туристік инфрақұрылымның даму деңгейін, маркетингтік стратегияларды және туристерді тарту тәжірибесін бағалауға мүмкіндік берді.

Екінші бағытта Қазақстандағы зерттеу нысандары өзара салыстырылды. Бағалау барысында әрбір нысанның мифологиялық мазмұны, тарихи-мәдени құндылығы, туристік тартымдылығы, туристік инфрақұрылымы, көлік қолжетімділігі, туристік маршруттарға енгізілу деңгейі және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етілуі қарастырылды. Мұндай салыстыру әрбір нысанның ішкі туризмді дамытудағы артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің аналитикалық кезеңінде Қазақстандағы мифологиялық туризмнің қазіргі жағдайына стратегиялық баға беру үшін SWOT-талдау қолданылды. Бұл әдіс зерттеу барысында анықталған мәліметтерді кешенді бағалауға мүмкіндік берді. SWOT-талдау барысында мифологиялық туризмнің күшті жақтары (Strengths), әлсіз жақтары (Weaknesses), даму мүмкіндіктері (Opportunities) және ықтимал қауіптері (Threats) жүйеленді. Талдау нәтижесінде Қазақстанның бай мифологиялық мұрасы, табиғи-тарихи ресурстарының әртүрлілігі және ұлттық мәдениеттің ерекшелігі негізгі артықшылықтар ретінде анықталды. Сонымен қатар арнайы мифологиялық маршруттардың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның әрқелкі дамуы, маркетингтік қолдаудың әлсіздігі және туристік өнімдердің жеткілікті деңгейде әртараптандырылмауы негізгі әлсіз жақтар ретінде белгіленді. Ал ішкі туризмге сұраныстың артуы, цифрлық технологияларды пайдалану, мәдени туризмнің әлемдік деңгейде танымал болуы және өңірлік брендтерді қалыптастыру мүмкіндігі мифологиялық туризмнің даму перспективаларын айқындайтын негізгі факторлар ретінде қарастырылды.

Зерттеудің практикалық бөлігін күшейту мақсатында мифологиялық туристік нысандардың туристік әлеуетін бағалауға арналған авторлық бағалау матрицасы әзірленді. Бағалау жеті критерий бойынша жүргізілді: мифологиялық құндылығы, тарихи-мәдени маңызы, туристік тартымдылығы, туристік инфрақұрылымының даму деңгейі, көлік қолжетімділігі, туристік маршруттарға енгізілуі және маркетингтік ілгерілетілуі. Әрбір көрсеткіш бес балдық шкала бойынша бағаланып, нәтижесінде әрбір нысанның жиынтық туристік әлеуеті анықталды. Мұндай бағалау тәсілі зерттеу объектілерін бірыңғай өлшемдер негізінде салыстыруға, олардың басымдықтарын анықтауға және мифологиялық туризмді дамыту бағыттарын негіздеуге мүмкіндік берді.

Бағалау критерийлері кездейсоқ таңдалған жоқ. Олар мифологиялық туризмнің ерекшеліктерін сипаттайтын халықаралық ғылыми еңбектерге, мәдени туризмді бағалау тәсілдеріне және туристік дестинациялардың тартымдылығын айқындайтын көрсеткіштерге сүйене отырып қалыптастырылды. Критерийлердің жиынтығы зерттеу нысандарының тек тарихи немесе мәдени құндылығын ғана емес, олардың нақты туристік өнім ретінде

пайдаланылу мүмкіндігін де бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында деректерді триангуляциялау (data triangulation) тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл бойынша әртүрлі әдістер арқылы алынған нәтижелер өзара салыстырылып, бір-бірін толықтыру тұрғысынан талданды. Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері контент-талдау барысында анықталған мәліметтермен салыстырылды, ал салыстырмалы талдау мен SWOT-талдау олардың практикалық маңызын нақтылауға мүмкіндік берді. Осындай кешенді әдіснамалық тәсіл зерттеу қорытындыларының объективтілігін арттырып, Қазақстандағы мифологиялық мұраны ішкі туризмді дамытудың маңызды ресурсы ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

1-кесте – Зерттеу барысында қолданылған әдістер

Зерттеу кезеңі	Әдіс	Қолданылу мақсаты	Нәтижесі
I кезең	Ғылыми әдебиеттерді талдау	Теориялық негіздерді жүйелеу, ұғымдарды нақтылау және халықаралық тәжірибені талдау	Мифологиялық туризмнің теориялық негіздері мен зерттеудегі ғылыми олқылықтар анықталды
II кезең	Контент-талдау	Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстарды анықтау және жүйелеу	Зерттеуге енгізілген 8 негізгі мифологиялық туристік нысан іріктелді
III кезең	Салыстырмалы талдау	Қазақстандағы және шетелдегі мифологиялық туристік ресурстарды салыстыру	Туристік әлеуеттің ерекшеліктері мен даму мүмкіндіктері анықталды
IV кезең	Авторлық бағалау матрицасы	Бірыңғай критерийлер бойынша туристік әлеуетті бағалау	Нысандардың салыстырмалы бағасы қалыптастырылды
V кезең	SWOT-талдау	Қазақстандағы мифологиялық туризмнің даму мүмкіндіктерін стратегиялық бағалау	Дамудың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері айқындалып, практикалық ұсыныстар әзірленді

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Нәтижелер мен талқылау

1. Әлемдік тәжірибедегі мифологиялық туризмнің даму ерекшеліктері

Әлемдік тәжірибе мифологиялық мұраның қазіргі туризм индустриясының маңызды құрамдас бөліктерінің біріне айналғанын көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда көптеген мемлекеттер тарихи аңыздарды, халық мифтерін және фольклорлық мұраны туристік өнімдерді қалыптастырудың негізгі элементі ретінде пайдаланып келеді. Мұндай тәжірибе туристік дестинациялардың бірегейлігін арттырумен қатар, материалдық емес мәдени мұраны сақтауға және өңірлік экономиканы дамытуға ықпал етеді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау мифологиялық туризмді дамытуда әр елдің өзінің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне сүйенетінін көрсетті. Дегенмен барлық зерттелген мемлекеттер үшін ортақ сипат – мифологиялық мұраны туристік индустриямен жүйелі түрде

ықпалдастыру болып табылады.

Ежелгі өркениеттің орталығы саналатын Грекияда мифологиялық туризм ұлттық туристік өнімнің маңызды бағыттарының біріне айналған. Олимп тауы, Дельфи, Крит аралы және басқа да тарихи орындар ежелгі грек мифологиясымен тығыз байланыстырылып, туристерге тек тарихи ақпарат емес, сонымен қатар мифологиялық сюжеттерге негізделген экскурсиялық бағдарламалар ұсынылады. Мұндай тәсіл туристік маршруттардың танымдық құндылығын арттырып, туристердің мәдени тәжірибесін байытады.

Түркияда мифологиялық мұра әсіресе Троя қаласының тарихымен байланысты дамып келеді. Троя туралы аңыздар археологиялық ескерткіштермен ұштастырылып, халықаралық деңгейде танылған туристік бренд қалыптастырған. Сонымен қатар жергілікті аңыздар фестивальдерде, музей экспозицияларында және экскурсиялық бағдарламаларда кеңінен қолданылады. Зерттеулер тарихи аңыздарды туристік өнімге енгізу өңірдің туристік тартымдылығын едәуір арттырғанын көрсетеді [5].

Ирландияда кельт мифологиясы елдің мәдени имиджінің маңызды бөлігі болып табылады. Ел аумағындағы ежелгі қамалдар, ормандар мен табиғи ландшафттар кельттік батырлар, перілер және мифологиялық кейіпкерлер туралы аңыздармен байланыстырылған. Нәтижесінде мифологиялық мұра әдеби туризм, фестивальдік туризм және мәдени маршруттармен үйлескен кешенді туристік өнімге айналған.

Жапонияда мифологиялық туризм синтоизм дәстүрлерімен және жергілікті халықтың рухани дүниетанымымен тығыз байланысты. Елдегі көптеген қасиетті ғибадатханалар, таулар мен ормандар ежелгі мифологиялық оқиғалармен байланыстырылып, туристерге тарихи деректер мен діни дәстүрлерді қатар таныстыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе мәдени және киелі туризмнің өзара ықпалдасуының тиімді үлгісі болып саналады.

Зерттеу барысында қарастырылған халықаралық тәжірибе мифологиялық туризмнің табысты дамуы бірнеше негізгі факторларға тәуелді екенін көрсетті. Біріншіден, мифологиялық мұра туристік өнімнің қосымша элементі емес, оның негізгі мазмұны ретінде ұсынылады. Екіншіден, тарихи деректер мен халық аңыздары өзара үйлестіріліп, біртұтас storytelling жүйесі қалыптастырылады. Үшіншіден, мифологиялық маршруттарды ілгерілетуде цифрлық технологиялар, интерактивті музейлер, мобильді қосымшалар және фестивальдер кеңінен пайдаланылады.

2-кесте – Әлемдік тәжірибеде мифологиялық туризмді дамыту ерекшеліктері

Ел	Негізгі мифологиялық ресурс	Туризмде қолданылуы	Қазақстан үшін тәжірибелік маңызы
Грекия	Олимп құдайлары, ежелгі мифтер	Тақырыптық маршруттар, музейлер, экскурсиялар	Storytelling негізіндегі маршруттар құру
Түркия	Троя туралы аңыздар	Археологиялық туризммен ықпалдастыру	Ақыртас, Ұлытау сияқты нысандарды брендтеу
Ирландия	Кельт мифологиясы	Фестивальдер, әдеби маршруттар	Ұлттық аңыздарды туристік өнімге енгізу
Жапония	Синтоистік мифтер	Киелі орындар, мәдени туризм	Киелі және мифологиялық туризмді біріктіру

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Салыстырмалы талдау нәтижелері Қазақстанның халықаралық тәжірибеден үйренетін бағыттарының бар екенін көрсетті. Ең алдымен, мифологиялық мұраны туристік бренд қалыптастыруда жүйелі пайдалану қажет. Сонымен қатар тарихи нысандарды тек археологиялық немесе табиғи объект ретінде емес, халық арасында сақталған аңыздармен байланыстыра отырып таныстыру туристік өнімнің тартымдылығын арттыра алады. Бұл тәсіл туристердің эмоционалдық қабылдауын күшейтіп, дестинацияның бірегей бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, әлемдік тәжірибе мифологиялық туризмнің тек мәдени мұраны сақтаудың ғана емес, ішкі және халықаралық туризмді дамытудың тиімді құралы екенін дәлелдейді. Бұл қорытындылар Қазақстандағы мифологиялық ресурстарды бағалау нәтижелерімен өзара сабақтасып, оларды туристік индустрияға кеңінен енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты келесі бөлімде Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстардың қазіргі жағдайы жан-жақты талданады.

2. Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстардың қазіргі жағдайын талдау

Қазақстанның туристік әлеуеті табиғи ландшафттардың, тарихи ескерткіштердің және материалдық емес мәдени мұраның алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Соған қарамастан жүргізілген контент-талдау нәтижелері көрсеткендей, еліміздегі туристік өнімдердің басым бөлігі табиғи және тарихи ресурстарға негізделгенімен, мифологиялық мұра олардың құрамдас бөлігі ретінде жүйелі пайдаланылмайды. Көптеген туристік нысандар халық арасында кең таралған мифтермен, аңыздармен және эпикалық оқиғалармен байланысты болғанымен, бұл ақпарат туристік маршруттарда көбіне қосымша сипаттағы танымдық мәлімет ретінде ғана ұсынылады.

Зерттеу барысында Қазақстандағы мифологиялық туризмге қатысты ғылыми жарияланымдар, тарихи-этнографиялық еңбектер, мәдени мұра объектілеріне арналған ресми материалдар және туристік ақпараттық ресурстар талданды. Контент-талдау нәтижесінде мифологиялық мазмұны, тарихи-мәдени маңызы және туристік әлеуеті бойынша ерекшеленетін сегіз негізгі нысан анықталды. Бұл нысандар зерттеудің негізгі объектілері ретінде қарастырылды.

3-кесте – Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстардың сипаттамасы

Нысан	Өңір	Негізгі мифологиялық мазмұны	Туризм түрі
Ақыртас	Жамбыл облысы	Күпия құрылыс, алыптар мен ежелгі өркениет туралы аңыздар	Мәдени, тарихи
Ұлытау	Ұлытау облысы	Алаша хан, Жошы хан, қазақ мемлекеттілігі туралы аңыздар	Тарихи, мәдени
Бектау-Ата	Қарағанды облысы	Әулиеелер мен киелі үңгірлерге қатысты халық аңыздары	Мәдени, экологиялық
Қоңыр Әулие үңгірі	Абай облысы	Емдік қасиеті бар киелі орын туралы аңыздар	Киелі, мәдени
Шерқала	Маңғыстау облысы	Таудың шығу тегі туралы аңыздар	Табиғи, мәдени
Бозжыра	Маңғыстау облысы	Табиғи ландшафттың пайда болуы жөніндегі халықтық түсініктер	Табиғи, экологиялық
Оқжетпес	Ақмола облысы	Батыр қыз туралы аңыз	Мәдени, танымдық
Жұмбақтас	Ақмола облысы	Тастың бейнесіне қатысты аңыздар	Мәдени, танымдық

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Контент-талдау нәтижесінде анықталған мифологиялық туристік нысандар Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасқан. Олардың географиялық таралуын көрнекі көрсету мақсатында зерттеу нысандарының орналасуы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет – Қазақстандағы мифологиялық туристік нысандардың географиялық орналасуы

Ескерту – авторлармен Қазақстанның ашық картографиялық деректері және зерттеу материалдары негізінде құрастырылған.

1-суретте зерттеуге енгізілген мифологиялық туристік нысандардың Қазақстан аумағында орналасуы көрсетілген. Картадан байқалғандай, мифологиялық туристік ресурстар еліміздің барлық ірі макроөңірлерінде таралған. Зерттеу нысандарының екеуі Солтүстік Қазақстанда (Оқжетпес және Жұмбақтас), екеуі Батыс Қазақстанда (Шерқала және Бозжыра), екеуі Орталық Қазақстанда (Ұлытау және Бектау-Ата), біреуі Оңтүстік Қазақстанда (Ақыртас) және біреуі Шығыс Қазақстанда (Қоңыр Әулие үңгірі) орналасқан.

Карта Қазақстандағы мифологиялық мұраның жекелеген өңірлерде ғана емес, республика аумағы бойынша кең таралғанын көрсетеді. Бұл мифологиялық туризмді өңірлік деңгейде ғана емес, республикалық деңгейде дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар нысандардың кеңістіктік орналасуы бірнеше тақырыптық туристік бағыттарды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды. Мысалы, Бурабай өңіріндегі Оқжетпес пен Жұмбақтас негізінде солтүстік бағыттағы мифологиялық маршрут ұйымдастыруға болады. Сол сияқты Маңғыстау облысындағы Шерқала мен Бозжыраны біріктіретін маршрут табиғи және мифологиялық туризм элементтерін ұштастыруға мүмкіндік береді. Ал Ұлытау мен Ақыртас тарихи және мифологиялық мұраны қамтитын ұлттық танымдық маршруттың өзегіне айнала алады.

Кеңістіктік талдау Қазақстандағы мифологиялық мұраның географиялық әркелкі болғанымен, республиканың барлық негізгі туристік аймақтарын қамтитынын көрсетті. Бұл

жағдай мифологиялық туризмді ішкі туризмді дамытуға бағытталған ұлттық туристік өнім ретінде қалыптастырудың алғышарттарының бар екенін дәлелдейді.

Контент-талдау көрсеткендей, барлық зерттеу нысандары мифологиялық мазмұны жағынан жоғары әлеуетке ие болғанымен, оларды туристік өнім ретінде пайдалану деңгейі бірдей емес. Бұл айырмашылық ең алдымен туристік инфрақұрылымның даму деңгейіне, ақпараттық ілгерілетуге және мифологиялық мұраны туристік интерпретациялау тәсілдеріне байланысты.

Мысалы, Оқжетпес пен Жұмбақтас Қазақстандағы ең танымал туристік орындардың қатарына жатады. Бұл нысандар Бурабай курорттық аймағының негізгі символдарының бірі ретінде кеңінен насихатталған. Дегенмен жүргізілген талдау олардың туристік тартымдылығы көбіне табиғи ландшафттың көркемдігіне негізделетінін көрсетті. Ал осы нысандарға қатысты халық арасында сақталған аңыздар экскурсиялық бағдарламаларда толыққанды туристік өнім ретінде жүйеленбеген.

Ұқсас жағдай Ақыртас кешенінде де байқалады. Археологиялық тұрғыдан бұл Қазақстандағы ең құпия тарихи кешендердің бірі саналғанымен, туристік маршруттарда оның құрылыс тарихына қатысты халық аңыздары мен мифологиялық интерпретациялар жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды. Нәтижесінде туристер тарихи деректермен танысқанымен, нысанның мәдени-символдық мәнін толық қабылдай алмайды.

Ұлытау өңірі тарихи және ұлттық бірегейлік тұрғысынан ерекше орын алады. Бұл аумақта Алаша хан мен Жошы ханға қатысты көптеген тарихи-аңыздық сюжеттер сақталған. Сонымен қатар Ұлытау қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуымен байланысты қасиетті кеңістік ретінде қабылданады. Соған қарамастан мифологиялық мұраны жүйелі туристік маршруттарға енгізу және тақырыптық экскурсиялар ұйымдастыру әлі де шектеулі деңгейде қалып отыр.

Бектау-Ата, Шерқала және Бозжыра табиғи кешендері ерекше геологиялық құрылымымен қатар, халық арасында кең таралған аңыздармен ерекшеленеді. Алайда жүргізілген талдау бұл нысандардың туристік бренді көбіне табиғи ерекшеліктеріне негізделетінін көрсетті. Мифологиялық мазмұн маркетингтік материалдарда сирек қолданылады және көбіне жергілікті гидтердің ауызша әңгімелерімен ғана шектеледі. Бұл жағдай мифологиялық мұраның туристік әлеуетінің толық ашылмағанын көрсетеді.

Ал Қоңыр Әулие үңгірі халық арасында емдік қасиеті бар киелі орын ретінде кеңінен танылған. Нысанға келушілердің басым бөлігі рухани және танымдық мақсаттарды ұштастырады. Осы ерекшелігіне байланысты Қоңыр Әулие киелі туризм мен мифологиялық туризмнің тоғысқан нысаны ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдай мифологиялық туризмнің басқа туризм түрлерімен өзара ықпалдаса дамитынын көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері халықаралық тәжірибемен сәйкес келеді. Түркияда Троя туралы аңыздар, Грекияда Олимп құдайлары туралы мифтер, Ирландияда кельттік аңыздар, Жапонияда синтоистік мифтер туристік өнімнің негізгі мазмұны ретінде пайдаланылады. Мұндай тәсіл туристік нысандардың бірегейлігін арттырып қана қоймай, келушілерге эмоционалдық әсер қалдыратын кешенді туристік тәжірибе қалыптастырады. Қазақстандағы көптеген мифологиялық нысандардың әлеуеті осы елдердегі тәжірибемен салыстыруға мүмкіндік бергенімен, оларды туристік өнім ретінде жүйелі пайдалану деңгейі айтарлықтай төмен.

Бұл қорытындылар Richards мәдени туризмнің жаңа кезеңінде материалдық емес мәдени мұраның маңызы артып келе жатқанын көрсеткен зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді [9].

Сонымен қатар Özgürel және әріптестері фольклорлық мұраның өңірлік бренд қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтсе [8], Fernández-Álvarez және әріптестері дәстүрлі мифологиялық тәжірибелерді туристік индустриямен ұштастыру мәдени мұраны сақтаудың тиімді құралы екенін дәлелдейді [3]. Muchenje және әріптестері табиғи мұра нысандарының туристік тартымдылығы олармен байланысты мифтер арқылы күшейетінін көрсетеді [7]. Ал Wasela материалдық емес мәдени мұраны туристік өнімдердің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырудың қажеттілігін негіздейді [14].

Осылайша, контент-талдау нәтижелері Қазақстандағы мифологиялық мұраның туристік әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Алайда бұл әлеуетті тиімді пайдалану үшін мифологиялық нысандардың қазіргі жағдайын жүйелі бағалау қажет. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде анықталған сегіз туристік нысан бірыңғай критерийлер бойынша бағаланып, олардың ішкі туризмді дамытудағы салыстырмалы мүмкіндіктері айқындалды.

3. Қазақстандағы мифологиялық туристік нысандардың туристік әлеуетін салыстырмалы бағалау

Контент-талдау нәтижелері Қазақстандағы мифологиялық мұраның туристік әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Алайда барлық зерттеу нысандарының даму деңгейі бірдей емес. Сондықтан олардың ішкі туризмді дамытудағы мүмкіндіктерін анықтау мақсатында салыстырмалы бағалау жүргізілді.

Бағалау жеті критерий бойынша жүзеге асырылды: мифологиялық құндылығы, тарихи-мәдени маңызы, туристік тартымдылығы, туристік инфрақұрылымының даму деңгейі, көлік қолжетімділігі, туристік маршруттарға енгізілуі және маркетингтік ілгерілетілуі. Әрбір критерий бес балдық шкала бойынша бағаланды, мұнда 1 балл – өте төмен деңгейді, ал 5 балл – өте жоғары деңгейді білдіреді. Бағалау зерттеу барысында жүргізілген контент-талдау, ресми туристік ақпараттар және ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау нәтижелеріне негізделді.

4-кесте – Қазақстандағы мифологиялық туристік нысандардың туристік әлеуетін салыстырмалы бағалау

Туристік нысан	Мифологиялық құндылығы	Тарихи-мәдени маңызы	Туристік тартымдылығы	Инфрақұрылым	Қолжетімділігі	Маршруттарға енгізілуі	Маркетинг	Жалпы балл
Оқжетпес	5	5	5	5	5	5	5	35
Жұмбақтас	5	4	5	5	5	5	5	34
Ұлытау	5	5	4	3	3	4	3	27
Ақыртас	5	5	4	3	3	3	3	26
Шерқала	5	4	5	3	3	3	3	26
Қоңыр Әулие	5	4	4	2	2	3	2	22
Бектау-Ата	4	4	4	3	3	2	2	22
Бозжыра	4	4	5	2	2	2	3	22

Ескерту: Бағалау нәтижелері зерттеу барысында жүргізілген ғылыми әдебиеттерді талдау, контент-талдау және салыстырмалы талдау негізінде авторлардың сараптамалық

бағалауы бойынша әзірленді.

Бағалау нәтижелері зерттеуге енгізілген барлық нысандардың мифологиялық тұрғыдан жоғары әлеуетке ие екенін көрсетті. Әсіресе Оқжетпес, Жұмбақтас, Ұлытау және Ақыртас нысандары тарихи-мәдени мұраның бірегейлігі мен халық арасында кең таралған аңыздардың сақталуы жағынан жоғары көрсеткішке ие болды. Бұл нысандар ұлттық тарихи жадының маңызды элементтері болып табылады және олардың әрқайсысы қазақ халқының тарихи санасында ерекше орын алады.

Жалпы балл бойынша ең жоғары көрсеткішті Оқжетпес (35 балл) алды. Бұл ең алдымен оның мифологиялық мазмұнының кеңінен танылуымен, Бурабай курорттық аймағының негізгі туристік символдарының бірі болуымен және туристік инфрақұрылымының жақсы дамығанымен түсіндіріледі. Сонымен қатар нысан көптеген экскурсиялық бағдарламаларға енгізілген және республикалық деңгейде кеңінен насихатталады.

Жұмбақтас та жоғары нәтиже көрсетті (34 балл). Нысан табиғи ескерткіш ретінде ғана емес, халық аңыздарымен тығыз байланысқан мәдени символ ретінде де белгілі. Оның туристік тартымдылығы Бурабай курорттық аймағындағы орналасуымен және келушілерге қолжетімділігімен артады.

Ұлытау мен Ақыртас тарихи және мифологиялық құндылығы бойынша ең жоғары бағаланғанымен, олардың жалпы көрсеткіші туристік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және маркетингтік ілгерілетудің әлсіздігіне байланысты төменірек болды. Бұл нысандардың тарихи маңызы жоғары болғанымен, қазіргі туристік өнімдерде мифологиялық мазмұн толық пайдаланылмайды.

Шерқала табиғи келбеті мен халық аңыздарына байланысты ерекше туристік әлеуетке ие. Алайда инфрақұрылымдық шектеулер мен арнайы тақырыптық маршруттардың аздығы оның туристік мүмкіндігін толық пайдалануға кедергі келтіреді.

Ең төмен жалпы көрсеткіштер Қоңыр Әулие, Бектау-Ата және Бозжыра нысандарында байқалды. Бұл олардың тарихи немесе мифологиялық құндылығы төмен дегенді білдірмейді. Керісінше, негізгі шектеуші факторлар ретінде көлік қолжетімділігінің жеткіліксіздігі, сервистік инфрақұрылымның әлсіз дамуы және маркетингтік ілгерілетудің жеткіліксіздігі анықталды. Мысалы, Бозжыра соңғы жылдары әлеуметтік желілер арқылы танымал бола бастағанымен, мифологиялық мазмұны туристік өнімнің негізгі элементі ретінде қалыптаспаған.

Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді. Özgürel және әріптестері мифологиялық мұраны туристік маршруттарға енгізу дестинацияның тартымдылығын арттыратынын көрсетсе [8], Kalkan Троя мысалында тарихи аңыздардың туристік бренд қалыптастырудағы шешуші рөлін дәлелдейді [5]. Fernández-Álvarez және әріптестері де материалдық емес мәдени мұраны туристік индустрияда тиімді пайдалану жергілікті қауымдастықтардың мәдени бірегейлігін сақтаумен қатар туристік сұранысты арттыратынын атап өтеді [3]. Қазақстан бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері де осы тұжырымдарды растайды.

Жалпы алғанда, салыстырмалы бағалау Қазақстандағы мифологиялық мұраның ішкі туризмді дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетті. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері көптеген нысандардың туристік тартымдылығын арттыру үшін ең алдымен инфрақұрылымды жетілдіру, тақырыптық мифологиялық маршруттар әзірлеу және заманауи маркетинг құралдарын қолдану қажеттігін айқындады. Бұл мәселелерді жүйелі бағалау үшін

келесі кезеңде мифологиялық туризмнің күшті және әлсіз жақтары, даму мүмкіндіктері мен қауіптері SWOT-талдау арқылы қарастырылды.

4. Қазақстандағы мифологиялық туризмді дамытудың SWOT-талдауы

Қазақстандағы мифологиялық туристік ресурстардың салыстырмалы бағалау нәтижелері олардың ішкі туризмді дамытуда айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетті. Сонымен қатар жүргізілген контент-талдау мен салыстырмалы бағалау мифологиялық мұраны туристік өнім ретінде тиімді пайдалану деңгейі өңірлер арасында әркелкі екенін анықтады. Осыған байланысты мифологиялық туризмді дамытуға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды кешенді бағалау мақсатында SWOT-талдау жүргізілді.

SWOT-талдау зерттеу барысында алынған нәтижелерді жүйелеуге, мифологиялық туризмнің қазіргі жағдайын бағалауға және оның болашақтағы даму мүмкіндіктерін айқындауға мүмкіндік береді. Талдау барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, контент-талдау және авторлық бағалау матрицасының нәтижелері негізге алынды.

5-кесте – Қазақстандағы мифологиялық туризмді дамытудың SWOT-талдауы

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Қазақстанда мифологиялық мазмұны бай тарихи және табиғи нысандардың болуы	Арнайы мифологиялық туристік маршруттардың жеткіліксіздігі
Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, эпостары мен аңыздарының сақталуы	Көптеген нысандарда туристік инфрақұрылымның біркелкі дамымауы
Мәдени, тарихи, этнографиялық және киелі туризммен ықпалдасу мүмкіндігі	Мифологиялық мұраны туристік маркетингте жеткіліксіз пайдалану
Өңірлік туристік бренд қалыптастыруға қолайлы жағдай	Көптеген экскурсиялық бағдарламаларда мифологиялық интерпретацияның әлсіздігі
Ішкі туризмге сұраныстың тұрақты өсуі	Бірыңғай концепция мен брендтің болмауы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Ішкі туризмнің басым бағыттарының біріне айналу мүмкіндігі	Табиғи және тарихи нысандарға түсетін антропогендік жүктеменің артуы
Мифологиялық тақырыптағы жаңа туристік маршруттар әзірлеу	Аңыздардың ғылыми негізсіз коммерциялануы
Storytelling және цифрлық технологияларды (AR/VR, мобильді гидтер) пайдалану	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі
Жергілікті қауымдастықтарды туризмге тарту	Өңірлер арасындағы инфрақұрылымдық теңсіздік
Халықаралық мәдени туризм нарығында Қазақстанның танымалдылығын арттыру	Халықаралық туристік нарықтағы жоғары бәсекелестік

Ескерту – авторлардың зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған.

SWOT-талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның негізгі артықшылығы – мифологиялық мазмұны терең тарихи және табиғи нысандардың көптігі. Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталған аңыздары, эпостары мен тарихи әңгімелері көптеген туристік дестинациялардың мәдени құндылығын арттырады. Бұл ресурстар мифологиялық туризмді мәдени, этнографиялық және киелі туризм бағыттарымен ықпалдастыра дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар соңғы жылдары ішкі туризмге деген қызығушылықтың артуы жаңа

тақырыптық туристік өнімдерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасап отыр.

Сонымен бірге зерттеу барысында бірқатар әлсіз жақтар анықталды. Ең алдымен, Қазақстанда мифологиялық туризмге арналған арнайы туристік маршруттар мен экскурсиялық бағдарламалардың саны шектеулі. Көптеген нысандарда туристік инфрақұрылымның даму деңгейі әртүрлі болғандықтан, олардың туристік әлеуеті толық пайдаланылмай келеді. Бұған қоса, туристік ақпараттық материалдарда мифологиялық мазмұн көбінесе қосымша ақпарат ретінде ғана ұсынылады. Нәтижесінде нысандардың бірегейлігі толық ашылмайды және олардың туристік брендті жеткілікті деңгейде қалыптаспайды.

SWOT-талдау мифологиялық туризмді дамыту үшін бірқатар маңызды мүмкіндіктердің бар екенін де көрсетті. Соның ішінде мифологиялық тақырыптағы жаңа туристік маршруттарды қалыптастыру, өңірлік брендтерді дамыту, цифрлық технологияларды пайдалану және storytelling элементтерін экскурсиялық қызметке енгізу ерекше маңызға ие. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тарихи аңыздарды заманауи цифрлық платформалармен ұштастыру туристердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, туристік тәжірибенің сапасын жақсартады. Бұл бағыт Қазақстан үшін де өзекті болып табылады.

Сонымен қатар белгілі бір қауіптер де бар. Табиғи және тарихи нысандарға келушілер санының артуы олардың сақталуына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан мифологиялық туризмді дамыту тұрақты туризм қағидаттарына негізделуі қажет. Бұдан бөлек, аңыздар мен мифтердің ғылыми негізсіз коммерциялануы тарихи және мәдени мұраның түпнұсқалығына нұқсан келтіру қаупін тудырады. Осыған байланысты мифологиялық мұраны туристік өнім ретінде пайдалану кезінде ғылыми қауымдастық, мәдениет мекемелері және туристік ұйымдар арасында тығыз ынтымақтастық қажет.

Жалпы алғанда, SWOT-талдау нәтижелері Қазақстандағы мифологиялық туризмді дамытудың алғышарттары жеткілікті екенін көрсетті. Алайда бұл әлеуетті толық іске асыру үшін мифологиялық мұраны туристік индустрияға жүйелі енгізу, инфрақұрылымды жетілдіру және өңірлік туристік брендтерді қалыптастыру бағытында кешенді шаралар қабылдау қажет.

5. Қазақстанда мифологиялық туризмді дамыту бойынша ұсыныстар

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы мифологиялық мұраны ішкі туризмді дамытудың тиімді ресурстарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мифологиялық туризмді дамытуға бағытталған келесі ұсыныстар әзірленді.

Біріншіден, мифологиялық мазмұнға негізделген тақырыптық туристік маршруттарды қалыптастыру қажет. Мұндай маршруттар тарихи және табиғи нысандарды халық арасында сақталған аңыздармен байланыстыра отырып, туристерге біртұтас мәдени-танымдық тәжірибе ұсынуы тиіс. Мысалы, «Ұлы Дала аңыздары», «Киелі таулар мен үңгірлер», «Қазақ мифологиясының ізімен» сияқты маршруттарды әзірлеу ішкі туризмнің мазмұнын байыта алады.

Екіншіден, мифологиялық мұраны таныстыруда заманауи цифрлық технологияларды кеңінен пайдалану ұсынылады. QR-кодтар, мобильді қосымшалар, аудиогидтер, толықтырылған шынайылық (AR) және виртуалды шынайылық (VR) технологиялары арқылы туристерге аңыздарды интерактивті форматта ұсыну туристік тәжірибені анағұрлым тартымды етеді.

Үшіншіден, мифологиялық туризмді өңірлік бренд қалыптастыру құралы ретінде пайдалану қажет. Әрбір өңір өзінің тарихи-аңыздық ерекшеліктеріне сүйене отырып, бірегей туристік өнім қалыптастыра алады. Бұл өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар,

туристік ағымның аумақ бойынша біркелкі бөлінуіне ықпал етеді.

Төртіншіден, экскурсиялық қызмет көрсету жүйесіне storytelling әдісін енгізу маңызды. Экскурсия жүргізушілерінің тарихи фактілерді халық аңыздарымен ұштастыра баяндауы туристердің эмоционалдық қабылдауын күшейтіп, дестинацияның есте сақталуын арттырады.

Бесіншіден, мифологиялық мұраны сақтау мен насихаттау ісіне жергілікті қауымдастықтарды белсенді тарту қажет. Бұл бағыт жергілікті тұрғындардың мәдени мұраға деген жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ауылдық туризмді дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, ұсынылған шараларды кешенді түрде іске асыру Қазақстандағы мифологиялық туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ішкі туристік өнімдерді әртараптандыруға және ұлттық мәдени мұраны сақтай отырып, өңірлердің тұрақты туристік дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мифологиялық туризмнің Қазақстандағы ішкі туризмді дамытудың перспективалы бағыттарының бірі екенін көрсетті. Әдебиеттерді талдау мифологиялық мұраны туристік өнімдердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде пайдалану әлемнің көптеген елдерінде табысты жүзеге асырылып жатқанын дәлелдесе, Қазақстанда бұл бағыттың ғылыми және практикалық тұрғыдан әлі де жеткілікті деңгейде дамымағаны анықталды. Контент-талдау барысында еліміздегі мифологиялық мазмұны айқын сегіз туристік нысан анықталып, олардың тарихи-мәдени құндылығы мен туристік әлеуеті бағаланды. Зерттеу нәтижелері аталған нысандардың мифологиялық тұрғыдан жоғары құндылыққа ие болғанымен, олардың басым бөлігінде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, тақырыптық маршруттардың аздығы және маркетингтік ілгерілетудің әлсіздігі сияқты мәселелер бар екенін көрсетті.

Жүргізілген салыстырмалы және SWOT-талдау Қазақстандағы мифологиялық мұраны тиімді пайдалану ішкі туризмді әртараптандыруға, өңірлік туристік брендтерді қалыптастыруға және ұлттық мәдени мұраны кеңінен насихаттауға мүмкіндік беретінін айқындады. Сонымен қатар зерттеу барысында ұсынылған авторлық бағалау матрицасы мифологиялық туристік нысандардың әлеуетін бірыңғай критерийлер бойынша бағалауға және оларды дамыту басымдықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты мифологиялық туризмді дамыту үшін аңыздарға негізделген туристік маршруттарды қалыптастыру, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, storytelling тәсілдерін пайдалану және жергілікті қауымдастықтардың қатысуын арттыру маңызды бағыттар ретінде ұсынылды.

Мифологиялық мұраны туризм индустриясына ғылыми негізде енгізу Қазақстанның туристік өнімдерінің мазмұнын байытып қана қоймай, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауға, ішкі туристік ағымды арттыруға және өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Осы зерттеудің нәтижелері мифологиялық туризмді одан әрі дамытуға арналған ғылыми ізденістер мен практикалық жобаларды әзірлеуге негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Almeida D.S., Abreu F.B., Boavida-Portugal I. Digital Twins in Tourism: A Systematic Literature Review // arXiv. – 2025. – Article arXiv:2502.00002.

2. Brooks C., McGinlay J., Stein J., et al. Exploring the Relationships between Heritage Tourism, Sustainable Community Development, and Well-Being: A Systematic Review // *Sustainability*. – 2023. – Vol. 15, No. 6. – Art. 5122.
3. Fernández-Álvarez Ó., González-González M., Ouali-Fernández S. Tourism and the Safeguarding of Intangible Cultural Heritage: Anthropological Insights into the Antruejos of León, Spain // *Tourism and Hospitality*. – 2026. – Vol. 7, No. 3. – Art. 67.
4. Grand View Research. Heritage Tourism Market Size, Share & Trends Analysis Report, 2026–2033. – San Francisco: Grand View Research, 2026.
5. Kalkan K. The Power of Intangible Cultural Heritage in Tourism: Troy Legends and Myths // *International Journal of Religious Tourism and Pilgrimage*. – 2025. – Vol. 13, No. 2.
6. Kaliyeva N. A Meta-Thematic Exploration of the Ethnolinguistic Nature of Kazakh Mythological Vocabulary // *Journal of Education, Culture and Society*. – 2025. – Vol. 16, No. 1. – P. 606–621.
7. Muchenje B., Pwiti G., Mhizha A. The Significance of Myths Associated with Natural Heritage Tourism Destinations: A Case Study of Nyanga Mountain, Eastern Zimbabwe // *Journal of Outdoor Recreation and Tourism*. – 2025. – Vol. 53.
8. Özgürel G., Dülğaroğlu O., Kılınç Şahin S., Çilesiz E., Ünal A. A Research on Myths, Legends and Stories with Heritage Value in Folklore-Based Tourism // *Veredas do Direito*. – 2026. – Vol. 23.
9. Richards G. Cultural Tourism: An Integrative Review // *European Journal of Tourism, Hospitality and Recreation*. – 2025.
10. Timothy D.J. Archaeological Heritage and Tourism: The Archaeotourism Perspective // *Journal of Heritage Tourism*. – 2024.
11. UNESCO. Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage. – Paris: UNESCO, 2023.
12. UNESCO. World Heritage and Sustainable Tourism Programme. – Paris: UNESCO, 2025.
13. UN Tourism. Tourism and Culture. – Madrid: UN Tourism, 2025.
14. Wasela K. The Role of Intangible Cultural Heritage in the Development of Cultural Tourism // *Journal of Association of Arab Universities for Tourism and Hospitality*. – 2023. – Vol. 24, No. 2. – P. 1–20.
15. Zandi S. Revival of the Silk Road Using the Applications of AR/VR and Its Role on Cultural Tourism // *arXiv*. – 2023. – Article arXiv:2304.10545.
16. Zhang J., Chen Y., Zhang Y., et al. Research Progress and Knowledge System of World Heritage Tourism: A Bibliometric Analysis // *Heritage Science*. – 2022. – Vol. 10.
17. Zhang M., Chen Y., Law R., et al. Research on Global Cultural Heritage Tourism Based on Bibliometric Analysis // *Heritage Science*. – 2023. – Vol. 11.
18. Абдикаримова М., Имангулова Т., Пестова А. Қазақстандағы мәдени туризмді дамытудағы заманауи үрдістер // *Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*. – 2026. – No. 2(12).
19. Абишов Н., Асан Д., Бдырыс С., Ахелова А. Жастардың туристік таңдауына цифрлық контенттің әсері // *Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*. – 2025. – No. 1(11).
20. Величко А. Темный туризм: вопросы систематизации и классификации // *Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*. – 2026. – No. 2(12). – P. 65–74.

21. Uskembayeva R.N., Zhanysbekova E.T., Orazbayeva H., Saparbayeva K.J. Myth and Kazakh Mythology: Retrospective Analysis and Prospects of Research // *Indian Journal of Science and Technology*. – 2016. – Vol. 9, No. 22. – P. 1–9. <https://doi.org/10.17485/ijst/2016/v9i22/95595>

REFERENCES

1. Almeida D.S., Abreu F.B., Boavida-Portugal I. Digital Twins in Tourism: A Systematic Literature Review // *arXiv*. – 2025. – Article arXiv:2502.00002.
2. Brooks C., McGinlay J., Stein J., et al. Exploring the Relationships between Heritage Tourism, Sustainable Community Development, and Well-Being: A Systematic Review // *Sustainability*. – 2023. – Vol. 15, No. 6. – Art. 5122.
3. Fernández-Álvarez Ó., González-González M., Ouali-Fernández S. Tourism and the Safeguarding of Intangible Cultural Heritage: Anthropological Insights into the Antrujos de León, Spain // *Tourism and Hospitality*. – 2026. – Vol. 7, No. 3.
4. Grand View Research. Heritage Tourism Market Size, Share & Trends Analysis Report, 2026–2033. – San Francisco: Grand View Research, 2026.
5. Kalkan K. The Power of Intangible Cultural Heritage in Tourism: Troy Legends and Myths // *International Journal of Religious Tourism and Pilgrimage*. – 2025. – Vol. 13, No. 2.
6. Kaliyeva N. A Meta-Thematic Exploration of the Ethnolinguistic Nature of Kazakh Mythological Vocabulary // *Journal of Education, Culture and Society*. – 2025. – Vol. 16, No. 1. – P. 606–621.
7. Muchenje B., Pwiti G., Mhizha A. The Significance of Myths Associated with Natural Heritage Tourism Destinations: A Case Study of Nyanga Mountain, Eastern Zimbabwe // *Journal of Outdoor Recreation and Tourism*. – 2025. – Vol. 53.
8. Özgürel G., Dülğaroğlu O., Kılınç Şahin S., Çilesiz E., Ünal A. A Research on Myths, Legends and Stories with Heritage Value in Folklore-Based Tourism // *Veredas do Direito*. – 2026. – Vol. 23.
9. Richards G. Cultural Tourism: An Integrative Review // *European Journal of Tourism, Hospitality and Recreation*. – 2025.
10. Timothy D.J. Archaeological Heritage and Tourism: The Archaeotourism Perspective // *Journal of Heritage Tourism*. – 2024.
11. UNESCO. Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage. – Paris: UNESCO, 2023.
12. UNESCO. World Heritage and Sustainable Tourism Programme. – Paris: UNESCO, 2025.
13. UN Tourism. Tourism and Culture. – Madrid: UN Tourism, 2025.
14. Wasela K. The Role of Intangible Cultural Heritage in the Development of Cultural Tourism // *Journal of Association of Arab Universities for Tourism and Hospitality*. – 2023. – Vol. 24, No. 2. – P. 1–20.
15. Zandi S. Revival of the Silk Road Using the Applications of AR/VR and Its Role on Cultural Tourism // *arXiv*. – 2023. – Article arXiv:2304.10545.
16. Zhang J., Chen Y., Zhang Y., et al. Research Progress and Knowledge System of World Heritage Tourism: A Bibliometric Analysis // *Heritage Science*. – 2022. – Vol. 10.
17. Zhang M., Chen Y., Law R., et al. Research on Global Cultural Heritage Tourism Based on Bibliometric Analysis // *Heritage Science*. – 2023. – Vol. 11.
18. Abdikarimova M., Imangulova T., Pestova A. Qazaqstandagy madeni turizmdi damytudagy zamanauy urdister [Modern trends in the development of cultural tourism in Kazakhstan] // *Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*. – 2026. – No. 2(12).

19. Abishov N., Assan D., Ydyrys S., Akhelova A. Zhastardyn turistik tандауына цифрлық контенттин асері [The impact of digital content on youth tourism choices] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2025. – No. 1(11).

20. Velichko A. Temnyi turizm: voprosy sistemizatsii i klassifikatsii [Dark tourism: Issues of systematization and classification] // Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality. – 2026. – No. 2(12). – P. 65–74.

21. Uskembayeva R.N., Zhanyzbekova E.T., Orazbayeva H., Saparbayeva K.J. Myth and Kazakh Mythology: Retrospective Analysis and Prospects of Research // Indian Journal of Science and Technology. – 2016. – Vol. 9, No. 22. – P. 1–9. <https://doi.org/10.17485/ijst/2016/v9i22/95595>

Р. БАЙБУРИЕВ

PhD, доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)
E-mail: Ruslan.Baiburiev@kaznu.edu.kz
<https://orcid.org/my-orcid?orcid=0000-0001-8752-9190>

Г. АЛИПБАЕВА

Аға оқытушы, Педагогика ғылымдарының магистрі
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы (Қазақстан Шымкент)
E-mail: gumi90_21@mail.ru

Г. АСКАРОВА

PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (Қазақстан, Ақтөбе)
E-mail: gaskarova@zhubanov.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0005-5603-751X>

Г. КУБЕСОВА

География ғылымдарының кандидаты, Доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (Қазақстан, Ақтөбе)
E-mail: kubeso.gulnar@gmail.com
0000-0002-9309-854X

21.09.2025 ж. баспаға түсті

21.06.2026ж. түзетулермен келді

30.06.2026ж. басып шығаруға қабылданды

R. BAIBURIYEV¹, G. ALIPBAYEVA², G. ASKAROVA³, G. KUBESOVA³

¹Al-Farabi Kazakh National University

(Kazakhstan, Almaty), E-mail: Ruslan.Baiburiev@kaznu.edu.kz

²South Kazakhstan Medical Academy, (Kazakhstan, Shymkent)

³K. Zhubanov Aktobe Regional University, (Kazakhstan, Aktobe)

THE ROLE OF MYTHOLOGICAL TOURISM IN THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM

Abstract. This article examines the role of Kazakhstan's mythological heritage in the development of domestic tourism. Today, the diversification of tourism products and the effective use of intangible cultural heritage have become important priorities for the tourism industry. In this context, assessing the tourism potential of mythological heritage from a scientific perspective is of particular relevance. The aim of the study is to identify the tourism potential of Kazakhstan's mythological resources and evaluate their role as a tool for the development of domestic tourism. The research employed methods of literature review, content analysis, comparative analysis, and SWOT analysis. The content analysis identified eight major tourism sites in Kazakhstan with significant mythological value, and their tourism potential was comparatively assessed using an author-developed evaluation matrix. The findings indicate that mythological heritage represents an

important resource for the development of domestic tourism, the diversification of tourism products, the creation of regional tourism brands, and the promotion of national cultural heritage. At the same time, insufficient infrastructure, the limited number of thematic mythological routes, and weak marketing activities were identified as the main challenges. Based on the research findings, practical recommendations for the development of mythological tourism were proposed. The suggested approaches can contribute to enhancing the competitiveness of domestic tourism in Kazakhstan and promoting the effective integration of cultural heritage into the tourism industry.

Keywords: *mythological tourism, domestic tourism, cultural heritage, intangible cultural heritage, tourism resources, mythology, cultural tourism, Kazakhstan.*

Р. БАЙБУРИЕВ^{1✉}, Г. АЛИПБАЕВА², Г. АСКАРОВА³, Г. КУБЕСОВА³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, Алматы), E-mail: Ruslan.Baiburiev@kaznu.edu.kz

²Южно-Казахстанская медицинская академия, (Казахстан, Шымкент)

³Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, (Казахстан, Актобе)

РОЛЬ МИФОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В РАЗВИТИИ ВНУТРЕННЕГО ТУРИЗМА

Аннотация. *В статье рассматривается роль мифологического наследия Казахстана в развитии внутреннего туризма. В современных условиях диверсификация туристских продуктов и эффективное использование нематериального культурного наследия являются одними из приоритетных направлений развития туристской отрасли. В этой связи научная оценка туристского потенциала мифологического наследия приобретает особую актуальность. Цель исследования заключается в определении туристского потенциала мифологических ресурсов Казахстана и оценке их роли как инструмента развития внутреннего туризма. В ходе исследования были использованы методы анализа научной литературы, контент-анализа, сравнительного анализа и SWOT-анализа. В результате контент-анализа были выявлены восемь туристских объектов Казахстана, обладающих выраженной мифологической ценностью, а их туристский потенциал был сравнительно оценен с использованием авторской оценочной матрицы. Результаты исследования показали, что мифологическое наследие представляет собой важный ресурс для развития внутреннего туризма, диверсификации туристских продуктов, формирования региональных туристских брендов и популяризации национального культурного наследия. Вместе с тем были выявлены основные проблемы, связанные с недостаточным уровнем развития инфраструктуры, ограниченным количеством тематических мифологических маршрутов и недостаточной маркетинговой поддержкой. На основе полученных результатов разработаны практические рекомендации по развитию мифологического туризма. Предложенные подходы будут способствовать повышению конкурентоспособности внутреннего туризма Казахстана и более эффективной интеграции культурного наследия в туристскую индустрию.*

Ключевые слова: *мифологический туризм, внутренний туризм, культурное наследие, нематериальное культурное наследие, туристские ресурсы, мифология, культурный туризм, Казахстан.*